

Сұйық отындарды газдандыру – сұйық отындарды көмірсутектердің молекулаларын ыдырату жолымен ыдыраған өнімдерді су буларымен, оттекпен немесе ауамен конверсиялық жанғыш газдарға түрлендіру процесі. Құрамына байланысты алынған газдарды отын немесе химиялық өнеркәсіпке шикізат ретінде қолданады. Газдандыру жағдайларына байланысты келесідей реакциялар жүреді:

1. Жоғарымолекулалық қаныққан көмірсутектер ыдырап, төменгімолекулалық қаныққан немесе қанықпаған көмірсутектер түзіледі: $C_5H_{12} \rightarrow C_2H_6 + C_3H_6$



2) Қаныққан көмірсутектер дегидрленіп, қанықпаған көмірсутектер және сутек түзіледі: $C_5H_{12} \rightarrow C_5H_{10} + H_2$

3) Көмірсутектердің су буларымен немесе оттекпен әрекеттесуі. Осы айтылғандардан басқа изомерлену, циклдену, полимерлену күйе және кокстүзілу реакциялары жүреді:

